

Алматы облысының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы

Алматы облыстық мәслихатының 2018 жылғы 13 қарашадағы № 37-205 шешімі және Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 572 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 20 желтоқсанда № 4969 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Панфилов, Сарқан аудандарының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының ұсынуы бойынша облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Панфилов ауданы Пенжім ауылдық округінің Төменгі Пенжім ауылы Ынтымақ ауылы, Панфилов ауданы Талды ауылдық округінің Нағарашы ауылы Жерұйық ауылы, Сарқан ауданы Черкасск ауылдық округінің Петропавловка ауылы Ақтұма ауылы, Сарқан ауданы Черкасск ауылдық округінің Садовое ауылы Теректі ауылы, Сарқан ауданы Черкасск ауылдық округінің Соколовка ауылы Ешкіөлмес ауылы болып қайта аталсын.

2. Осы бірлескен Алматы облыстық мәслихатының шешімі мен Алматы облысы әкімдігі қаулысының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. Әбдуәлиевке жүктелсін.

3. Осы бірлескен Алматы облыстық мәслихатының шешімі мен Алматы облысы әкімдігінің қаулысы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облыстық мәслихатының

сессия төрағасы

Алматы облысы әкімінің

міндетін атқарушы

Алматы облыстық

мәслихатының хатшысы

Ә. Алпысбаев

Л. Тұрлашов

С. Дүйсембінов